



Нуртаева, А. (2024). Тіл білімі саласындағы энантиосемия түрлері, *Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*, 7(4), 373-382.

ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫНДАҒЫ ЭНАНТИОСЕМИЯ ТҮРЛЕРІ

Айсұлу НУРТАЕВА*

Аңдатпа: Мақалада тіл білімі саласындағы энантиосемия түрлері және зерттелуі қарастырылады.

Энантиосемия - қарама-қарсы мағыналардың бір тілдік бірлігінің реңктерінің немесе контекстке байланысты болатын мағыналардың тіркесімі.

Лексикалық семантика категориялары жүйесіндегі энантиосемияның орны туралы сұрақ даулы, өйткені лингвистер бұл құбылысты антонимия, омонимия, полисемияның (көп мағыналықтың) бір түрі немесе өзіндік ерекшелігі бар лексикалық-семантикалық категория ретінде қарастыру керек деген ортақ пікірге келді.

Функционалдық ерекшеліктеріне қарай, яғни үстейтін не көрсететін мағынасына қарай энантиосемияны екі түрге бөліп қарастыруға болады: заттық (немесе номинативтік); эмоционалды-бағалауыштық қарама-қарсы мағына.

Номинативтік энантиосемия сөздердің мағынасының дамуы нәтижесінде пайда болады. Номинативтік лексикалық энантиосемия кезінде алғы шепке әр түрлі заттар, құбылыстар, іс-қимылдарды және т.б. көрсететін мағыналар шығады. Осы тип негізінен етістіктерге тән. Олардың кейбіреуі әр түрлі объектілерге қатысты қолданылады, соның нәтижесінде қарама-қарсылыққа ие болады.

Қазақ тілінің нақты тілдік деректеріне сүйене отырып, номинативтік энантиосемияның өнімсіз, ал эмоционалды бағалауыштық энантиосемияның өнімді екендігіне көз жеткізе аламыз. Қазақ тіліндегі ақылды, керемет, тамаша, дос, сұлу сияқты энантиосемияның жуық арада пайда болғандығын көруімізге болады. Егер олар бастапқы кезде жағымды қолданылатын болса, қазіргі уақытта олар жағымсыз мағынада (ирониялық) қолданылатынын көреміз.

Энантиосемиялы сөздердің тағы бір жасалу жолы сөздердің тырнақша ішінде берілуімен сипатталады. Сөздерді қарама-қарсы мағынасы тырнақша ішінде беріледі, ал негізгі мағынасы тырнақшасыз жазылады. Тырнақшамен берілген сөздің астарында ирония жатады.

Энантиосемия эвфемияның құралы ретінде де қолданылуы мүмкін.


Сонымен қатар дезинформацияда да энантиосемия құбылысы байқалады. Дезинформация – «шындықты қасақана жалған етіп беру»

Кілт сөздер: энантиосемия, қарама-қарсы, мағына, эмоционалды, тырнақша, одағай, заттық, номинативтік, сөздер.

TYPES OF ENANTIOSEMIA IN THE FIELD OF LINGUISTICS

Abstract: The article deals with the types and study of enantiosemia in the field of linguistics. Enantiosemia is a combination of shades of one linguistic unit of opposite meanings or meanings that depend on the context. The question about the place of enantiosemia in the system of categories of lexical semantics is controversial, as linguists have come to a consensus that this phenomenon should be considered as antonymy, homonymy, and a kind of polysemousness

* Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің PhD, аға оқытушысы, aikosh_72@mail.ru

 ORCID ID: 0000-0001-5000-7874

(polysemousness) or a lexico-semantic category that has its own specificity. According to its functional features, i.e. depending on what it indicates, enantiosemy can be divided into two types: substantive (or nominative); emotional-evaluative opposite. Nominative enantiosemy arises because of the development of the meaning of words. At nominative lexical enantiosemy, meanings reflecting various objects, phenomena, actions, etc. come to the fore. This type is mainly characteristic of verbs. Some of them are used to denote different objects, which leads to opposites. Based on the actual linguistic data of the Kazakh language, we can see that nominative enantiosemy is unproductive, and emotional evaluative enantiosemy is productive. We can see that enantiosemy in Kazakh as smart, wonderful, remarkable, remarkable, friendly, beautiful arose in the near future. We can see that while Erep is originally used positively, they are now used in a negative sense (ironic). Another way of forming enantiosemy words is characterized by the fact that the words are given in inverted commas. The opposite meaning of the words is given in inverted commas, while the main meaning is written without inverted commas. The word in inverted commas refers to irony. Enantiosemy can also be used as a remedy for euphemism. The phenomenon of enantiosemy is also observed in disinformation. Disinformation is 'the deliberate false transmission of reality'

Keywords: *enantiosemy, opposite, meaning, emotional, inverted commas, interjections, subject, nominative, words*

Мақалада тіл білімі саласындағы энантиосемия түрлері және зерттелуі қарастырылады.

Энантиосемия - қарама-қарсы мағыналардың бір тілдік бірлігінің реңктерінің немесе контекстке байланысты болатын мағыналардың тіркесімі.

Лексикалық семантика категориялары жүйесіндегі энантиосемияның орны туралы сұрақ даулы, өйткені лингвистер бұл құбылысты антонимия, омонимия, полисемияның (көп мағыналықтың) бір түрі немесе өзіндік ерекшелігі бар лексикалық-семантикалық категория ретінде қарастыру керек деген ортақ пікірге келді.

Функционалдық ерекшеліктеріне қарай, яғни үстейтін не көрсететін мағынасына қарай энантиосемияны екі түрге бөліп қарастыруға болады:

1. Заттық (немесе номинативтік);

2. Эмоционалды-бағалаушытық қарама-қарсы мағына (Найманбай А.Р. 64,65).

Номинативтік энантиосемия сөздердің мағынасының дамуы нәтижесінде пайда болады. Номинативтік лексикалық энантиосемия кезінде алғы шепке әр түрлі заттар, құбылыстар, іс-қимылдарды және т.б. көрсететін мағыналар шығады. Осы тип негізінен етістіктерге тән. Олардың кейбіреуі әр түрлі объектілерге қатысты қолданылады, соның нәтижесінде қарама-қарсылыққа ие болады. Мысалы: «тарады» сөзі қазақ тілінде «құбылыс», «даңқ», «жаңалық» «лақап», «өсек», т. т. сөздердің семантикасымен байланысады да «ашылды, жарық көрді, пайда болды, етек алды» деген мағынаны береді, ал «мекеме», «кәсіпорын» сөздерімен тіркесе келіп тура мағынада «жойылды, жабылды» деген, «ашуы», «бұлт» т.с.с. сөздермен байланысса «жоғалды, жойылды, басылды, сейілді, айықты» деген қарама-қарсы мағынада жұмсалады. Бір күні «көмекке әскер келеді екен», - деген хабар тарады (Ә.Нүрпейісов). Биязы жүнді қойлар, сірә, арқардан тараған болса керек (М.Ермеков). «Ұлтан атты бегіміз, Тараған жоқ па кегіміз» («Алпамыс батыр» жыры). Өтті күндер, өтті түндер; Жас Қарағай тамыр жайып, Жапты қайта даланы (С.Мәуленов). Сөз жоқ, бірінші және соңғы сөйлемдердегі тарады сөздері қарама-қарсы мағынада жұмсалып тұр (Жүсіпов А.Е.74-75).

Кейбір сөздер кез келген бір сөзбен байланысқа түсіп те, қарама-қарсы мағына бере алады (Жүсіпов А.Е.75-76). Жылдық көрсеткіштердің барлығы да есепке алынды (Қ.Ә.). Жастары жиырма екіге толмағандары есептен алынды («Арқа ажары»). Осы екі сөйлемдегі алынды етістігінің формасы бірдей болғанымен, мағыналары бір-біріне қарама-қарсы. Осы қарама-қарсылықты туғызып тұрған септік жалғаулары. Бұны біз морфологиялық жол арқылы жасалған энантонимия деп алып отырмыз. Алғашқы сөйлемдегі алынды етістігі тіркелді, санатқа алынды, қосылды деген мағынаны

үстейтін болса, ал екінші сөйлемдегі алынды, керісінше, тізімнен алынып тасталды, санаттан шықты дегенді білдіреді. (Жүсіпов А.Е. 76)

Ендігі кезекте түсіндірмелі сөздіктерде қарама-қарсы мағынада жұмсалып тұрған, формасы жағына – омоним, мағынасы жағынан антоним сөздерге мысал беріп өтелік.

Езгі зат е. 1. Қанаушылық, құлдықта ұстаушылық (ҚТТС, 3-том). Корей халқы ұзақ уақыт Жапон империализмінің отаршылдық езгісіне ұшырап келді (Е.Қ.). Осы сөздің екінші мағынасы енді ауыспалы мағынаға көшіп сын есім қызметіне өткен. 2. Адамды езген, жаншыған, еңсені көтертпейтін (тіршілік, өмір т.б.). Бір қуанарлық жай: езгі тіршіліктің ескі жұртынан ада-жұда қол үзіп, жаңа тұрмысқа біржола қоныс аударып жатқандар да аз емес (Ө.Қанахин). Езгі өмірдің томырық, тоңмойын топастығына тайсалмай қарсы тұрып, арманымызға жете білмесек не үшін адам болып жаралғанбыз (Ө.Қанахин). Екінші сын есім қызметіндегі езгі сөзіне ізгі деген мағынасы қарама-қарсы мағынада қолданылып тұр. Енді мысалдарды беріп көрейік. Ол бір ақ көңіл, езгі адам болу керек (Ө.Әбішев). Осы бірақ жарқын, езгі шалдың бойында соншалықты сүйкімді бір балалық қылық бар (С.Шаймерденов). Уа, достым, ақындықтың қиял құсы, Жаным жақынырақ келіп қоншы. Көпкөрген, көп жасаған шежіре едің, Ежелден еркін ойдың езгі досы! (Қ.Аманжолов). (Жүсіпов А.Е. 77, 78)

Осы сөздіктегі берілген деректермен толық келісе отырып, ғалым Р.Сыздықова «қазақтың жаушы-сы мен қырғыздың жуучу сөздерін саучы тұлғасының бір варианты деп танымыз. Жаушы да сөз жеткізуші, бірақ адамдар арасында олардың бір-біріне жай ғана сөз жеткізуші емес, құдалық сөзді жеткізуші адам. Демек, бұл жерде сөз мағынасы тарылып, сараланған», дейді (Фразеологиялық сөздік 54). Олай болса сөздікте берілген қарама-қарсы мағынаның туындауы да заңды.

Жаушы - зат. жаулаушы, жаулап алушы, жаудан өшін алушы.

Тұлғасы қорқынышты, түрі сұсты, жаушыдай жүрісінің сыры күшті.

Арбиған ат үстінде алпамсадай Үсен тез тани кетті Ыдырысты (Қ.Б.).

Жаушы – 1. Құда түсер алдында қыздың әке-шешесіне барып, сыр тартып, келісімін алып қайтатын адам. Хан талай жерге жаушы жіберіп, талай елді аралап, қызтандайды (Қ.Жұмалиев) (Жүсіпов А.Е. 79).

2. Екі елдің арасын келістіруші, елші.

Шыңғысхан жаушыны жанына шақырып алды да, басқаларға шыға беруге ишара жасады (Ө.К.). Осы келтірілген сөйлемдерде бірінші және екінші мағыналары іштей қарама-қарсылыққа құрылған. Алғашқыда жаулап алушы, өшін алушы, қанішер, жағымсыз мағынада; соңғысында, керісінше ел арасының бірлігіне бар күшін салатын, татуластырушы, елші (жағымды мағынада). Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірмелі сөздігінен алынған осы мысалдар (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық 454) сөз мағыналарының тарылуы не кеңеюі әсерінен пайда болғандығын көрсетеді (Жүсіпов А.Е. 79). Бағалауыштық энантисемия кезінде қарама-қарсылық қамағынаның бағалауыштық не эмоционалдық компоненттері түседі. Сөздерді шаблон, не стандарттан тыс қолданудың нәтижесінде мағынаның эмоционалдық-бағалауыштық реңдерінің мәні зор болмақ. Мәселен: жақсы сөзі.

1) бойына жағымды қасиеттерді сіңірген. Күн қандай жақсы! Аспан шайдай ашық,...

2) бір нәрсеге, не біреуге деген кекесін-мұқату, не келемеждеу мағынасында, иронияны білдіру мақсатында да қолданылады. Жақсы! Жолдасыңды ұмытып, үйге басыңды сауғалап қашып келгеніңді ерлік санап тұр екенсің ғой! (Жүсіпов А.Е. 79).

Эмоционалдықты біз адам сезімінің көрінуі, ал экспрессивтілікті белгілі бір құбылыстың сандық-сапалық қасиетінің көрінісі деп танымыз. Экспрессивті сөздер ерекше стилистикалық мәні бар, мәнерлі сөздер.

Экспрессивтілікті Д.Розенталь «Экспрессивтілік /экспрессия /, сезімдер мен тәжірибелерді көрсету күші», - деп түсіндіреді (Розенталь Д.Э. 93). Экспрессивті рені бар сөздер айтылар ойға ерекше мән беріп, оны жан-жақты толық көрсету үшін, автордың белгілі бір құбылысқа көзқарасын білдіру үшін, тағы да басқа мақсаттарға жұмсалады деген болатын Ф. Оразбаева. Ал эмоция болса өзінен-өзі тумайды, оны тудырушы қоршаған орта, қоғамдық құбылыс, қоғамдық қатынас. Адамда мүдде болады, сол мүдденің қалай өтелуіне байланысты эмоционалды күй туып отырады.

Адам сол мүддеге жетсе жағымды сезімдер, эмоциялар (рахаттану, қуану, сүйу, сүйсіну), ал жетпесе жағымсыз сезім эмоциялар (қайғы, мұң, уайым, қорқу, көре алмау) пайда болады. Енді эмоцияға берген ғалымдардың пікірлерімен танысып өтелік. Ш. Нұрғожина «Эмоционалды сөз субъектінің сөздің мазмұнын құрайтын шындықтың қандай да бір құбылысын эмоционалды тәжірибесін білдіру, жеткізу қызметін атқарады» десе (Розенталь Д.Э. 67), В. Шаховский «Эмоционалдылық» «адамның барлық сөйлеу әрекеттерін» бағалайды және сөз семантикасында адамның әртүрлі эмоционалды күйлерінің спецификаторлары ретінде бекітіледі», - деп атап өтеді (Шаховский В. 125).

Сөздердің эмоционалды мәні бағалаушылық мәнге толы. Образды сөйлеу сөйлеушінің танымына негізделеді. Таным арқылы пайда болған тілдік бірліктер лингвокогнитивтік зерттеуге нысан болады. Професор Г. Смағұлова адамзаттың сезім әрекеті арқылы экспрессия, эмоция, бағалау берілетіндігін айтады (Смағұлова Г.98).

В. Лихановтың көзқарасынша, айтушының анықталатын затқа қатысы эмоционалды тұрғыдан берілсе, міндетті түрде өзінің көзқарасы деуге немесе қалыптасқан дәстүрлі эмоцияны беру жолдары деуге болады (Лиханов В. 246).

Эмоционалды баға тыңдаушының эмоционалды көңіл-күйін өзгертіп, соған сәйкес әрекетін оятуға бағытталса, рационалды айтылған пікірмен келісушілікті тудырады деген Е. Вольф (Вольф Е. 120). Осы пікірлерден адамның эмоционалды көңіл-күйі сөйлеу тілінде эмоционалды сөздер арқылы беріліп, оның бағалаушылықпен байланысы бар екендігіне көз жеткіздік.

Бағалаушылық эмоционалдылықпен, экспрессивтілікпен байланысты болғанымен, кейбір ғалымдар бағалаушылықты жеке семантикалық категория деп қарастырады. О. Бүркітов болса «баға берушілік», «бағалылық» деп тәржімелеп, мынадай анықтама береді: «Бағалылық автордың ұғым мен затқа, оқиға мен әрекетке өзіндік көзқарасынан туындайды» (Бүркітов О. 94).

Жоғарыда келтірілген пікірлерге сүйене отырып, біз эмоционалды тонның өзгеруінің әсерінен әр түрлі эмоционалды бағалау энантиосемиялары пайда болатындығын анықтаймыз. Бұл, әрине, контекстің мүмкіндігіне байланысты. Осындай ерекшеліктерге сәйкес біз оларды үшке бөлеміз:

1. Кейбір эмоционалды бағалау сөздерін ирониялық қолдану нәтижесінде пайда болғандар: ақылды, философ, ғалым, қызық, данышпан және т. б.

2. Кейбір дөрекі, дөрекі /қарғыс, жеккөрушілік/ сөздерді оң мағынада қолдану нәтижесінде пайда болған сөздер: ит, ақымақ, азғын, азғын, азғын, жүгіруші, тұрақсыз, лайықсыз, сайтан, барыр және т. б.

3. Алғашқы мағына түсінігінің «жылжуына» орай, бағалаушылық компоненттің өзгеруінен туған сөздер: жұмсақ, долы, сақ және т.б. сөздер.

Қазақ тілінің нақты тілдік деректеріне сүйене отырып, номинативтік энантиосемияның өнімсіз, ал эмоционалды бағалаушылық энантиосемияның өнімді екендігіне көз жеткізе аламыз. Қазақ тіліндегі ақылды, керемет, тамаша, дос, сұлу сияқты энантиосемияның жуық арада пайда болғандығын көруімізге болады. Егер олар бастапқы кезде жағымды қолданылатын болса, қазіргі уақытта олар жағымсыз мағынада (ирониялық) қолданылатынын көреміз.

Өмірдегі түрлі көңіл-күйді көрсететін, қарама-қарсы мағынада жұмсалатын, әрі жағымды, әрі жағымсыз көңіл күйді білдіретін одағайлар кездесетіні бәрімізге мәлім. (Жүсіпов А.Е. 83).

В. Виноградов «Кейбір эмоционалды одағайлар өте біртектес, экспрессивті қарама-қайшы мағынада қолданылады. Олар бір-бірін жоққа шығаратын сезімдер мен көңіл-күйді білдірудің құралы ретінде қызмет етеді». [98]. Бұндай одағайлардың семантикалық нақыштары да түрлі болады оккозионалдық интонациямен айтылады. Е.Галкина-Федорчук те да, әр түрлі көптеген одағайлар көпмағыналы болып келеді, олар қарама-қарсы мағынада қолданыла алады деген болатын.

Қазақ тілінде осындай одағайларға Ту! Пай-пай сияқты одағайлар жатады.

Ту, иісін-ай заңғардың! — деп Фролов бетін бұрып, шұғыл артына айналып, Петр Денисовичті көрді (Ә. Нұршайықов).

Сол араға серуендеушілер жақындағанда әдемі бір қоңырқай самал есіп кетті. Ту, не деген рахат еді! -деді Байжан кеудесін кере дем алып (С.Мұқанов). Енді осы одағайдың қарсы мағынада жұмсалуды мына мысалдардан көрейік.

Ту, Ғұмар, кісінің әңкі-тәңкісін шығардың-ау! Түк ести алмадым (Ш.Құсайынов).

Ту, Арын аға, қорқытқанда да осылай қорқыта ма екен?! (Ш. Құсайынов).

Энантисемиялы сөздердің тағы бір жасалу жолы сөздердің тырнақша ішінде берілуімен сипатталады. Сөздерді қарама-қарсы мағынасы тырнақша ішінде беріледі, ал негізгі мағынасы тырнақшасыз жазылады. Тырнақшамен берілген сөздің астарында ирония жатады. Сондай-ақ тек қана жағымды мәндегі сөздер екінші мәнде жұмсалғанда тырнақшаға алынады. Бұған қоса жағымсыз мәндегі сөз де керісінше тырнақшаға алынғанда жағымды мәнге ауысады...«Сыншыны» күлкіге ұшыратқан осындай тұстар мақалада жеткілікті-ақ: журналистің тасымалды білмеуі, т.б. ... (Ана тілі).

Алматының құбылмалы ауа-райы мен синоптиктердің «айнымас болжамдарын» былай қойғанда, сонау тау шатқалына барып қайтудың өзі халық үшін оңай шаруа емес (ҚӘ).

Тырнақшаның ішіндегі барлық сөздер «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде жағымды мағынада жұмсалған.

Сонымен қатар, тырнақша жағымсыз, жаман, дөрекі сөздердің екінші қарсы мағынасын көрсетуде де таптырмайтын құрал. Ендеше мына мысалға назар аударайық.

...Жазушы Ж. Дәуренбеков баласына ертегі айтса, баласы «Сосын, сосын...» деп қоймайды екен. Содан мұндай «құлдықтан» қалай құтылудың амалын ойлауға мәжбүр болған екен /... деген екен/. Тәтті де, қызықты тәуелділіктен қашып құтылудың амалы ретінде автор құлдық сөзін алып, оны тырнақшада беріп отыр (Жүсіпов А.Е. 89-90).

Экспрессивті энантисемияның пайда болуына бастапқы мағына семантикасының өзгеруі әсер етеді, ал ол өз кезегінде коннотациялық компоненттің ауысуына әкеледі. Осы кезде «қалыптан, шамадан тыс» түсінік семантикалық дәрежелеушілік қызметте болатын лексемалар қарама-қарсылыққа негізделеді. Шамадан тыс сапа қоғамда әр кез жағымсыз жағынан бағаланады. «Кейбір жағымталсыған көрілер: «Қарадан хан тудың!» деп, «Қырғында қылау салмай шықтың!» деп, «Қоңыраулы бұйра нардан болдың» деп көпе-көрнеу қошемет, жорғалық та істейді (А.Құнанбаев). Бұл мысалда автордың көзқарасы да соңғы орында емес. Тілектердің шамадан тыс, артықтау екені көзге ұрып тұрғанын автор тамаша көрсетіп өткен.

Жұрт оны жұмыртқадан жүн қырыққан Әдібай, қу бастан қуырдақтық ет алған Әдібай, - деп бекер айтады деймісін (Б.С.). Бұл сөйлемде де автордың көзқарасы соңғы орында емес. Жоқтан бар қылу, негізі жаман қасиет емес екендігі белгілі, алайда нақты

осы мысалда екі бірдей фразеологиялық бірлікті қарқынды берумен автор жағымсыз әсер қалдырып отыр. (Жүсіпов А.Е. 95).

Қазақ тіл ғылымында лексика-семантикалық варианттардың туындауына семантикалық дамумен қоса жекелеген тілдік бірліктердің тұлғалық өзгерісі де әсер етеді. Мұндай диалектикалық байланыстар санға емес, сапаға қызмет етеді.

-Қызының алдын ұзатып, немере сүйіп отырса да, өңін бір бермейді-ау, сайтан! деп сүйсінді Айдархан. Қашан көрсең де қысыр жыландай қылаң ұрып тұрғаны (Қ.Жүмәділов) (Жүсіпов А.Е. 99).

Сайтан сөзінің жағымсыз екенінде дау жоқ. Осы жерде автор Айдарханның сүйсінуді арқылы «сайтан» сөзін жағымды мағынада қолданылып тұр. Бұл нағыз тамаша энантиосемия құбылысы, омоним емес, ауыс мағынада қолданылу нәтижесінде қол жеткізіліп тұрған қолдану.

Ақымағым-ау, сені дүниедегі бар асыл затқа айырбастамайтынымызды білмеймісің?!. Кішкентай баласын еркелетіп, дүниедегі тендесі жоқ екендігіне көз жеткізу мақсатында, «ақымағым» сөзін ауыспалы мағынада қолданып тұр (Жүсіпов А.Е. 100).

Ішкі антонимдерді, яғни энантиосемияларды осылайша қолдану мәтін мағынасының көпқырлылығын көрсетеді, сонымен бірге комикалық реңк туғызады (Жүсіпов А.Е. 100-101).

Энантиосемияның түрі ретінде эмоционалды-бағалауыштық коммуникативті мағына энантиосемиясы қалыптасады, туындаған сөздердің эмоционалды, ирониялық-сарказм түріндегі қолданысында анықталады. Алайда, ондай сөздер негізінен жалпытілдік негізгі мағынасында қолданылады да, екінші мағынасы /жағымсыз, қарама-қарсы, қарама-қайшы/ нақты сөйлесім кезінде, контекст ішінде көрінеді.

Бұл кезде экспрессивті ирониялық интонацияға байланысты сөз қарама-қарсы мағынаға ие болады (Жүсіпов А.Е. 101). Ой, ақылдысын-ай! (ақымақ, топастау адам туралы); Тіпті тап-таза екен! (кір, лас киім, адамның сыртқы келбеті туралы) айтқанда қолданылады.

«Тілімізде антонимдердің кейде өзінің негізгі мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатыны бар. Сөйлесімдегі энантиосемия өмірдегі комикалық әсерді күшейту үшін сәтті қолданылатын көреміз.

-Апа, мына самсаңыз бүгінгі ме, /жаңа піскен бе? деген мағынада қолданған/ қалай?

-Иә, құлыным, көрмеймісің, буы бұрқырап тұрғанына үш күн болды.

«Айтайын дегеніңді емеуіріңнен таныдым» деп, білген қазақ халқының білгір ұлы, сөз зергері Ғ. Мүсірепов туған тілінің ең байлығын еркін меңгерген-ді. Өзінің әңгімелерінде жаңа заман жасап жатқан адамдар тағдырын жазған Ғабит сыны адамды сойып түсетін ащы мысқыл емес, адам мінезіндегі кейбір келеңсіздіктерді жеңіл мысқылдап, өзі мырс-мырс күліп, алыстан бақылап отырып, дөп басқан көрегендікпен көрсеткен шын шеберлік «Алғашқы адамдарында» өмір бойы еңбекпен етене, жұмыс десе жаны түсетін Қиналған мен Ақанның колхоз ішінде де жұмсай білсең, істей беретін, қыңқ деп тіл қатпайтын, өздері ой түймейтін, өздерінше ойлауды білмейтін, жұмсаған жүре беретін, тапсырған істі тындырғыш, еңбегі еш, тұзы сор адамдар бейнесін жазушы аз сөзбен нақ берген:

Қиналған мен Ақан колхоз ішіндегі екі момыны, екі «ақсағы», екі «соқыры», екі «жаманы». Осындай аз сөзбен көпке берілген бағалар жазушыны көптеген әңгімелеріне арқау болған (Жүсіпов А.Е. 102).

Энантиосемия эвфемияның құралы ретінде де қолданылуы мүмкін.

«Эвфемизм» мағынасы тұрпайы сөздерді басқа атаумен ауыстырып, сыпайылап жеткізу. Эвфемизм қоғамдағы моральдық, этикалық норма негізінде қалыптасып, сыпайыгершілік пен әдептілікке байланысты туған. (Абрамов Н. 347).

Эвфемистік ауыстырулар сөйлесуші тарапынан ыңғайсыздықты болдырмау мақсатымен «коммуникативтік қақтығыстар мен сәтсіздіктерді болдырмау, сұхбаттасушыда коммуникативті ыңғайсыздық сезімін тудырмау үшін» жұмсалатынын көрсеткен (Виноградов В.В. 391).

Эвфемияда үшінші объекті болған жағдайда мәліметті жасыру үшін емес, керісінше, «әдейі, қасақана» түсінсін деген ниетпен қолданады.

Сонымен қатар дезинформацияда да энантисемия құбылысы байқалады. Дезинформация – «шындықты қасақана жалған етіп беру» (Апресян Ю. 310).

Мейозис – мәселен бір нәрсені жұмсартып, жұқартып айту үшін (жуан, семіз сөзінің орнына толықтау, денелі деу), сонымен бірге өтірік айту мақсатымен де қолданылады. Эвфемияға ұқсас болғанымен дезинформация (өтірік, жалған, шындықты жасыру) өзінің коммуникативті мақсатына қарай функционалды тұрғыда қарама-қарсы болып табылмақ.

Әдебиет өмірдің сәулесі десек, өмірдің өзінде күлкілі жағдайлар аз емес. Сондықтан «шығармасына өмір сәулесін толық түсірмейтіні, шыншылдықты көрсетемін деген жазушы күлкіні аттап өте алмайды» (Жүсіпов А.Е. 103).

Қорытынды

Энантисемия құбылысының зерттелуін тілмен тығыз байланыста қараған жөн. Бұл үдеріс адамның ойлау жүйесімен, танымымен тікелей байланысты. Энантисемия құбылысының пайда болуына лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар әсер етеді.

Қазақ тіл білімінде әлі зерттелмеген энантисемия құбылысының лексикалық бірліктерінің тіл мен сөйлеу құбылыстарында жан-жақты зерттеуді қажет етуі осы мақаланың өзектілігін көрсетеді.

Энантисемиялық лексикалық бірліктер көп жағдайда ауызекі сөйлеу стилінің диалогтік формасында кездеседі және жоғары прагматикалық потенциалға ие. Олар сөзге серпін, жылдамдық береді. Энантисемия көпмағыналылық негізінде де пайда болады.

Энантисемия құбылысының зерттелуін тілмен тығыз байланыста қараған жөн. Бұл үдеріс адамның ойлау жүйесімен, танымымен тікелей байланысты. Энантисемия құбылысының пайда болуына лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар әсер етеді.

Энантисемия – тілдің дамуының барлық процесінде, мезгілінде жасала беретін құбылыс. Себебі оның пайда болуы көпмағыналылықпен тығыз байланысты. Ал көпмағыналылық – бұл келелі мәселе.

Энантисемия көпмағыналылықтың бір түрі болған соң, ол да тілдің дамуындағы өте өнімді процесс болып саналады және адам еркінен тыс, сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуынан, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен жасалады.

Энантисемия – объективті құбылыс. Кейін пайда болған энантисемиялар көпмағыналылықтың нәтижесінде пайда болған. Ал сөз семантикасының өзгерісін мынадай жағдайлар мен құбылыстар түзеді: 1) әдеби тілдің ауызекі стилі, қарапайым лексика, кәсіптік лексика, жаргон, диалект, говор; 2) табу мен эвфемизмдер; 3) сөздердің эмоционалдық-экспрессивтік мағынасын, реңкінің өзгерісін; 4) –сыз қосымшасы, 5) синтаксистік бірліктер, 6) өзге тілден енген сөздер.

Көне немесе байырғы және кейінгі энантиосемиялар жаралу өзгешелігі мен механизмі бойынша өз ішінде мынадай айырмашылықтары болады: байырғы энантиосемиялар көпмағыналы да, кейін пайда болған энантиосемиялардың мағыналары көп емес. Кейінгі энантиосемия әу баста бір мағыналы болып қалыптасқанмен, кейін қарама-қарсы мәнді қосып алып, энантиосемиялық мәнге ие болған. Байырғы энантиосемиялардың ішінен эмоционалдық-экспрессивтік мәнге ие энантиосемияларды кездестірмейміз.

Энантиосемия құбылысын қарастыру үшін оның категориялық сипатын, тілдік статусын және ұқсас құбылыстар ортасындағы орнын анықтау қажет, сондай-ақ, парадигматикалық және синтагматикалық құрылымын зерттеу арқылы энантиосемиялық лексикалық бірліктердің негізгі типтерінің классификациясын беру керек, құбылысты анықтаудың критерийлерін жасау секілді жұмыстар атқару қажет.

Энантиосемияны бір тілдік бірлік ретінде қарастыра отырып, екі немесе бірнеше бірліктер бір-бірімен байланысқан омонимия мен антонимиядан ажырата алу керек, антонимдер бір ғана мағынаға ие болса, омонимдер екі түрлі мағынада жұмсалады, ал энантиосемиялар бір сөзден жасалып, бір затқа немесе құбылысқа екі түрлі қарама-қарсы мәнде жұмсалады.

Энантиосемия материалдарын қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен, синонимдер сөздігінен, және антонимдер сөздігінен мысалдар алып зерттеуге болады.

Әдебиеттер

- Naimanbai A.R. (2010) *Antonimdik qatynastardyñ körkem prozadağy qoldanyсы (Ğ. Mūstafin syğarmalary negızinde)* Filol. ğyl. kand. dis.: 10.02.02.-Astana: Gumilev atyn. Eurazia ũlttyq universiteti, 125.
- Jūsipov A.E. (2004) *Qazırғы qazaq tilindegi qarama-qarsylyqtyñ konnektorlary*: Filol. ğyl. kand. Dis: 10.02.02.-Astana: Gumilev atyn. Eurazia ũlttyq universiteti, 154b. QTFS, 9-tom, 23.
- Frazeologialyq sözdik (1973) *Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdigi*: 10 tomdyq (1983) – Almaty: Ğylym, – 7-t. – 671.
- Rozentäl D.E. (1992) *Slovär lingvisticheskikh terminov*. - M., 141.
- Nūrğojina Ş. (2015) *Emosionaldylyq jäne onyñ tildegi körinisi*. Almaty.
- Şahovski V. (1993) *İzbrannye trudy*. M.: Nauka, 640.
- Smağūlova G. (1998) *Mağynalas frazeologizmderdñ ũlttyq mädeni aspektileri*. - Almaty: Qazaq universiteti, 150.
- Völf E. (1965) *Vvedenie v nauku o iazyke*. - M., 131.
- Lihanov V. (1996) *Evfemizm sovremennoi ruskoj rechi // Ruski iazyk konsa XX stoletia (1985-1995)*. – M., 391.
- Bürkitov O. (1996) *Türkitanu negızderi*. - Almaty, 149.
- Vinogradov V. (1996) *Leksikologia i leksikografia // İzbrannye trudy*. - M.: İzd-vo Nauka, 162.
- Apresän İ. (1995) *Leksicheskaia semantika: Semanticheskoe sredstvo iazyka*. - M., 312.

Extended Summary

Enantiosemya is a linguistic phenomenon that involves a single word or expression having two or more opposite meanings depending on the context in which it is used. This intriguing semantic feature challenges traditional understandings of language and lexical meaning because it combines opposing shades of meaning within the same lexical unit. The exploration of enantiosemya is complex due to its controversial place within the broader field of lexical semantics, where it interacts with categories such as antonymy, homonymy, polysemy, and other lexical phenomena.

Enantiosemya arises due to the inherent flexibility of language, where the same form can be adapted to various social, cultural, and communicative needs. It is not a frequent occurrence in every language, but when it

does appear, it underscores the complexities of lexical semantics and highlights how meaning is constructed and negotiated between speakers.

The categorization of enantiosemia in the system of lexical semantics remains a contentious issue. Linguists have long debated its status and relationship to other semantic phenomena. There are several primary perspectives on where enantiosemia fits within lexical semantics:

Enantiosemia as a Type of Antonymy: Some linguists argue that enantiosemia should be viewed as a form of antonymy because of its involvement with opposite meanings. In traditional antonymy, two different words have opposing meanings, such as “hot” and “cold”. Enantiosemia, however, differs in that the opposition exists within the same word rather than between different words. Proponents of this view assert that enantiosemia should be regarded as a subset of antonymy, albeit with its own distinctive characteristics.

Enantiosemia as a Form of Polysemy: Another approach is to classify enantiosemia as a subtype of polysemy. Polysemy occurs when a single word has multiple related meanings. In this case, enantiosemic words have meanings that are related through their opposition. The different meanings may arise from historical shifts in usage or cultural factors that assign contrasting roles to the same linguistic unit. For instance, “cleave” in English can mean both “to split apart” and “to stick together”. While the meanings are opposite, they may be viewed as part of a broader semantic development of the word.

Enantiosemia as a Unique Lexico-Semantic Category: A third viewpoint posits that enantiosemia should not be forced into established categories like antonymy or polysemy but should instead be recognized as a unique lexical phenomenon. This view emphasizes the specific functional nature of enantiosemia and argues that it operates with its own set of rules. This perspective is appealing because it acknowledges the peculiarities of enantiosemic words and allows for a more flexible and nuanced approach to their study.

Enantiosemia can be divided into two broad types based on its functional characteristics: substantive (or nominative) enantiosemia and emotional-evaluative enantiosemia. Each type reflects a different way in which the opposition in meaning is manifested.

Substantive (Nominative) Enantiosemia: This type involves the opposition of meanings that pertain to the objective world or referential content of the word. In substantive enantiosemia, a single word refers to two opposite physical states, actions, or properties. For example, the word “dust” can mean both to remove dust (as in “to dust the shelves”) and to apply dust (as in “to dust a cake with sugar”). In both cases, the word refers to actions involving dust, but the directionality of the action is opposite.

Emotional-Evaluative Enantiosemia: This type of enantiosemia deals with the emotional or evaluative connotations of a word. A single term may be used to express both positive and negative evaluations depending on the speaker’s perspective or the context. For instance, the word “bold” can be interpreted as a compliment (courageous, daring) or as a criticism (reckless, brash). The emotional-evaluative dimension of enantiosemia highlights how language is intertwined with subjective interpretation and social context.

Several factors contribute to the development of enantiosemia in language:

Historical Language Change: Over time, words often acquire new meanings due to shifts in social, political, or cultural conditions. These changes may lead to the development of opposing meanings for a single word, particularly when historical usage diverges significantly from contemporary usage. For example, the English word “girl” once referred to a young person of either gender but now refers exclusively to a female child. Historical shifts in usage can result in enantiosemic meanings that seem contradictory by modern standards.

Contextual Variation: The role of context in determining meaning is crucial in enantiosemia. Since words can acquire different meanings depending on the surrounding text, the situational context, or even the speaker’s intentions, enantiosemia thrives in environments where the same word must function in multiple capacities. The ambiguity that arises from context-dependent meanings makes enantiosemic words versatile but also prone to misinterpretation if the context is not clear.

Cultural Influence: Cultural factors also play a role in the development of enantiosemia. Different societies may attach varying emotional or evaluative connotations to the same word based on their values, customs, or beliefs. For instance, in some cultures, “old” can be seen as a term of respect, associated with wisdom and experience, while in others, it may carry negative connotations of obsolescence or frailty. The interplay between cultural values and language can lead to the emergence of enantiosemic meanings.

Enantiosemia adds a layer of complexity to language use because it requires speakers and listeners to pay close attention to context. In everyday communication, enantiosemic words demand that interlocutors consider not just the literal meaning of the word but also its potential for opposite interpretations. This aspect of enantiosemia makes it particularly interesting from a pragmatic perspective, as speakers must constantly negotiate meaning based on contextual clues.

Moreover, enantiosemia highlights the flexibility and adaptability of language. Words are not fixed entities with rigid meanings; instead, they are dynamic and subject to change. The phenomenon of enantiosemia illustrates how linguistic meaning is fluid and how the same word can take on new and even contradictory meanings as language evolves.

Enantiosemia is a fascinating linguistic phenomenon that exemplifies the complexities of lexical semantics. While it shares characteristics with antonymy, homonymy, and polysemy, enantiosemia possesses unique features that warrant its classification as a distinct category of meaning. By examining enantiosemia through the lens of its types—substantive and emotional-evaluative—and considering the factors that contribute to its development, we gain a deeper understanding of the fluidity of language and the role of context in shaping meaning. As language continues to evolve, enantiosemic words will remain a testament to the intricate and multifaceted nature of human communication.